

**«Жетісу облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ
ШЖҚ «Жетісу облысының фтизиопульмонология орталығы» МКК
қызметкерлерінің қатысуымен өткен жиналыс хаттамасы**

Талдықорған қаласы

12 мамыр 2025 жыл

Қатысқандар: Жетісу облысының фтизиопульмонология орталығының директоры А.Заханова, бас есепші М. Муратбекова және әкімшілік шаруашылық бөлімінің қызметкерлері.

Күн тәртібінде: Жетісу облысы бойынша экономикалық тергеп – тексеру департаментінің 2025 жылғы 19 ақпандағы хаттамасын қарастыру.

Комплаенс – офицер Б.Ахметжанова Жетісу облысы бойынша экономикалық тергеп – тексеру департаментінің 2025 жылғы 19 ақпандағы хаттамасы түскенін жеткізеді.

Хаттамада 2024 жылдың 18 маусымында Кербұлақ аудандық сотының үкімімен «Кербұлақ ауданының орталық ауруханасы» ШЖҚ МКК-нің есеп айырысу үстелінің есепшісі Л. Андакулова ҚР ҚК-нің 190 бабы 4 бөлігі 2 тармағымен кінәлі деп табылып, оған қатысты 5 жыл шартты түрде бас бостандығынан айыру жаза қолданғандығын айтты.

Яғни, Л.Андакулова өз қызметін пайдаланып, өзі қызмет атқарып жүрген ауруханаға қатысы жоқ адамдарға жүйелі түрде заңсыз түрде қаражат аударып, өзіне иеленген.

Сондай – ақ, аурухананың қызметкерлеріне де заңсыз қаражат аударып, сол қызметкерлер арқылы өздерінің жеке банктік есеп шоттарына жіберіп және қолма – қол алып отырғандықтары анақталған. Мұндай заңсыз әрекеттерін 3 жыл көлемінде А. Тасабаева атты қызметкермен жүзеге асырып келген. Бұдан басқа аванс беру арқылы да заңсыз қаражат ие болғандары анақтылған. Яғни аурухананың есепшісі У.Попованың «1-С Бухгалтерия» бағдарламалық жүйесінде жалған мәлімет енгізу арқылы жүзеге асырып отырған атап өтті.

Осындай заңсыз әрекеттер, яғни қаржылық жемқорлықтың орын алмауы үшін қандай шаралар жүргізіліп отыратындығы туралы Жетісу облысының фтизиопульмонология орталығының **бас есепшісі М.Муратбекова** сөз алып, мекемеге қаражаттың бөлінуін, оның тісті бағыттарда қолданып, жолдануын үнемі қадағалауда ұстатайтынын жеткізді. Әр қаражатқа қатысты құжат өзінің тексеріліуінен өтетінін, ай сайынғы берілетін қызметкерлердің еңбек ақысының мөлшерін тарификация арқылы қадағалап, сондай - ақ еңбек демалысына шыққан қызметкерлердің демалыс ақысын да өзі тексеріп отыратындығын айтты.

Жетісу облысының фтизиопульмонология орталығының директоры А.Захановамен қойылған талаптар:

- Кадр инспекторы Г. Дюсенбекова қызметкерлерің еңбек демалысы, іс - сапар, аванс беру, жұмыстан босату және еңбек ақысы сақталмайтын демалыс беру туралы бұйрықтармен бас есепші М.Муратбекованы таныстырсын.

Қазақстан Республиканың сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын қатаң сақтау туралы барлық қызметкерлерге міндетті екендігі ескертілді.

Төрағалық етуші

Комплаенс-офицер



А.Заханова

Б.Ахметжанова

Муратбекова М.М.	- бас	есепчи	Ly
Биргасалов М.А.		есепчи	Б.А.
Зубаилов А.Е.		есепчи	Зубаилов
Сыбанбаева Т.С.		есепчи	Т.С.
Назаров А.В.		есепчи	А.В.
Кусибеков Р.С.	16	инспектор	Кусибеков
Кертесов О.К.		жонсмен	Кертесов
Бейсенбаев А.С.	ст. ид. зам.		Бейсенбаев
Исмаилов Л.Н.	С.	завхоз	Исмаилов
Асанов А.К.		зав. складом	Асанов

